

Музыкалық сауаттылық негіздері

Әдістемелік құрал

КАКИШЕВА ЛИДА МЫНБАЕВНА
Музыка пәні мұғалімі

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«Нұртас Ондасынов атындағы
№ 5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Ақтау– 2025

КІРІСПЕ

Қоғамдағы рухани - адамгершілік, патриоттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесі Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасы мемлекеттік білім бағдарламасында, Қазақстан Республикасы «Тәрбие негіздері» тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы т.б. құжаттарда негізгі орын алады.

Музыкалық-эстетикалық тәрбие беруде музыка сабағымен қатар сабақтан тыс мезгілдегі оқушыларға арналған көркемөнер үйірмелері, мектеп жанындағы оқушылардың хоры, оркестрі т.б. үйрететін үйірмелердің маңызы өте зор. Мектеп қабырғасында ұйымдасқан музыкалық үйірмелер жұмысын үнемі қадағалап қарап, оның жұмысын музыка мұғалімі, мектеп басшылары, ата-аналар болып жандандыра түсу керек, оған бағыт беріп отырса, олар өздерінің көздеген мақсатына жете алады.

Музыка сабағының мұғалімі өз сабағын жүргізумен қатар, ол сол мектеп аймағының музыка, өнер саласының барынша дамуына ат салысатын білімді тұлға болуын бүгінгі өмір талап етіп отыр. Сол себепті, музыкалық аспаптар ойнауда төмендегі оқу жоспарымен сабақ жүргізіп, оқу жүйесін бір тәртіпке келтірдім.

Мақсаты: оқушыларға домбыра аспабын тартуды үйрете отырып, ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына дарытып, өнерге деген ынтасын арттыру, әрбір баланың бойында шығармашылық даралығын қалыптастыру, қазақтың көне тарихынан сыр шертетін күй қазынамызды және қазақтың қасиетті қара домбырасын кейінгі ұрпаққа аманат ету.

Домбыра үйренуде тек күй тарту немесе оны ән әуеніне қосу ғана емес, оқушылар өздерін сахнада еркін ұстап, сахна мәдениетімен танысып, эстетикалық талғамын да арттыратын болады. Және үйірмеге қатысатын бала эмоционалдық ұялшақтықтан, қысылып-қымтырылудан арылады.

Міндеті: Оқушыларды қазақ халқының тіліне, салт-дәстүріне, тарихына, мәдениетіне, рухани қасиеттеріне құрмет сезімін ояту. Халқына деген құрмет және мәдени мұраларын қастерлеуге бағыттау.

Қазақ әндері арқылы оқушылардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыруды теориялық негіздеу және оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету. Оқушылардың патриоттық құндылықтары жоғары деңгейде қалыптасады, егер оларды қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесін жасаудың теориялық негіздері анықталып, оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етіліп, оқу-тәрбие үдерісінде іске асырылса, бұл оқушылардың патриоттық құндылықтарды қазақ әндері арқылы қалыптастырудың мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық-когнитивтік, іс-әрекеттік-бағалаушылық құрылымдарының бірлігін қамтамасыз етеді.

Қазақ әндері арқылы оқушылардың патриоттық құндылықтарын қалыптастырудың теориялық негіздері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты құжатта «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы аясында мемлекеттік саясат, қоғамдық талаптар, отбасылық тәрбие құндылықтары және тұлғаның жеке мүдделері мен мақсаттарының теңгерімі негізінде, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кіріктірілуі арқылы тәрбиенің әдіснамасын, мазмұнын жаңартуға, білім беру жүйесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға бағдарланған. Қазақ халқының басты ментальдік ерекшеліктері – туған елін, жерін сүю және отбасылық құндылықтарды қадірлеу, үлкенді сыйлау, толеранттылық, кең пейілділік, қонақжайлылық болып саналады.

Тұжырымдамада тәрбиенің мақсаты мен міндеттері жан жақты ашылып беріледі. Жалпы тәрбиенің мақсаты: ата-анасын қадірлеп, қастерлейтін, туған жерін, Отаны Қазақстанды сүйетін, қазақ тілін, мәдениетін, тарихын меңгерген және ардақтайтын, толерантты, халықтар достығын, ел бірлігін сақтайтын, дені сау, жан дүниесі бай, еңбекке бейім, ана тілін және шетел тілдерін білетін, сапалы білім алған азамат тәрбиелеу.

Сонымен қатар, тұжырымдамада жаһандану үдерісіне сай тәрбиенің міндеттері нақты негіздеп ұсынады:

1. Тұлғаның саяси мәдениетін дамытуға, жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті, азамат және патриотты қалыптастыруға көмектесу, олардың бойында балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұру дайындығын, құқықтық санасын, балалар мен жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қоғам өмірі дәстүрлері және нормаларымен үйлестірілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыру мүмкіндігін туғызу.
3. Тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысына, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруға, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруге ықпал ету.
5. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, тұлғаның қоғамдағы жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

6. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, табиғат сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеуіне; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетін жоғары деңгейде дамытуына жағдай жасау.

7. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиетін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістігін, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.

Музыка арқылы патриотизм, патриоттық тәрбие беру мәселесіне алыс және жақын шетел ғалымдарының еңбектерінде аса мән беріледі. О.Н.Омаровтың «Ресей Федерациясының мемлекеттік музыкалық рәміздері арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру» атты ғылыми еңбегінде мемлекеттік музыкалық рәміздердің қалыптасуы, музыкалық рәміздер арқылы жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің әдістемесін қамтиды. Музыкалық рәміздерге әнұран, әртүрлі марштарды жатқыза отырып, олардың оқушы бойындағы патриоттық құндылықтарын қалыптастырудағы мүмкіндіктері қарастырылады.

«Оқушыларға музыка арқылы патриоттық тәрбие беру» атты факультативтік курс бағдарламасын бере отырып, «Адам өміріндегі патриоттық музыка», «Патриоттық марштар», «Ресейдің алғашқы әнұраны», «Совет Одағының әнұраны», «Таулы аймақтың әндері», «Жаңғырған Ресейдің патриоттық музыкалары», т.б. бағыттар қамтылады. Автор зерттеу жұмысын сабақ және сабақтан тыс уақытта қамти отырып, теориялық, эксперименттік-аналитикалық және рефлексивті-бағалаушылық тұрғысынан қарастырады.

Е.Б.Вительдің «Оқушылардың музыкалық ынтасын қалыптастыруға дайындаудың мазмұны мен әдістері» атты диссертациялық жұмысы болашақ мұғалімдерді оқушылардың музыкаға деген бейімділігін анықтау арқылы олардың музыкалық есту қабілетін дамыту үшін жүргізілетін жұмыстың мазмұнын аша отырып, әдістемесін ұсынады.

Е.Ю.Гундорованың «Музыка сабағында оқушылардың орыс халқының ерлік - батырлық операларын менгеруі» атты еңбегінде ерлік, патриоттық опералар негізінде оқушылардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру мәселесі, ерлік және патриоттық рухтағы операларға толықтай жіктеме жасай отырып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты операларды ұсыну арқылы жүзеге асырылған.

Қазақ әндері арқылы оқушылардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру үдерісін зерделеу барысында біз патриотизм ұғымының мәнін алыс және жақын шетел, қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне жан - жақты талдау жасау барысында айқындадық.

Оқушыларға қазақ әндері арқылы патриоттық тәрбие беруде теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау барысында алыс және жақын шетел, Қазақстан ғалымдарының еңбектеріне талдау жасай отырып, негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік болды.

Қазақ әндері арқылы оқушылардың патриоттық құндылықтарын қалыптастырудың ғылыми теориялық негізін айқындауда С.Т.Иманбаеваның ғылыми ұсыныстарын негізге алдық. Ғалым патриотизмнің дамып қалыптасуын төмендегі кезеңдерге бөліп қарастырады: 1) Сақ дәуіріндегі патриотизм; 2) Ғұн кезеңіндегі патриотизм; 3) Түркі қағанаты тұсындағы патриотизм; 4) Алтын Орда тұсындағы патриотизм; 5) ХҮІ-ХҮІІІ ғ.ғ. қазақ халқының патриотизмі; 6) ХІХ ғасырдағы патриотизм; 7) ХХ ғасырдың басындағы патриотизм; 8) Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі патриотизм; 9) 1986 жылғы қазақ жастарының патриоттық рухы; 10) ХХІ ғасыр әлемдік жаһандандыру үрдісі кезіндегі қазақстандық патриотизм.

Жоғарыда көрсетілген кезеңдерге талдау жасай отырып, әр кезеңге тән патриоттық тарихи әндер туындаған. Қазақ әндері арқылы тұлғаның бойындағы ұлттық патриотизмді, елжандылықты, ерлікті т.б. қасиеттерді қалыптастыруға болады.

«Ұлттық патриотизм – өзінің туған жеріне, өз ұлтының бірлігі, мәдениеті, тілі, дәстүрлеріне деген сезімінен туындайды, жалпыұлттық патриотизм – мемлекет халықтарының бір бөлігі екенін түсінуі, әртүрлі ұлт өкілдерінің өз Отанына деген махаббаты мен шынайы сүйіспеншілігі, жалпықазақстандық патриотизм – республика халықтарының ажырамас бөлігі екенін түсінуі, махаббат сезімі, Қазақстан Республикасына деген шынайы сүйіспеншілігі, халық пен отанының мүддесін қорғау азаматтық парызы» деп атап көрсете отырып, Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселесі қазіргі таңда аса көкейкесті мәселелердің бірі болып табылатынына тоқтала отырып, патриотизм, Қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық патриотизм, ұлттық патриотизм ұғымдарының ара жігін ашып береді.

«Қазақстандық патриотизм – Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көріну үшін білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілік, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау.

Қазақ патриотизмі – елі мен жері, халқының бостандығы және мемлекет ретінде жер бетінде сақталуы үшін, қазақ халқының намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу. Әлемдік патриотизм әлемдік тұрғыда патриотизм ұғымы халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілігін сақтау үшін барлық күш-жігерін жұмсау».

Қазақтың қаһарман батыры Б.Момышұлы «жеке адамның, ұлттың, өз отанына деген мақтаныш сезімін, ұлттық игілікті, дәстүрлерді, барлық халықтар мен барлық ұлттардың барлық ұлы және тамаша нәрселер жасауға қабілетті екенін, ұрыс жүргізуге кедергі келтіретін ұлттық дәстүрлер жоқ, қайта ұрыс жүргізуге көмектесетін ұлттық дәстүрлердің бар екенін ұғынып, түсіне білу керек. Әрбір адам өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтын терең сүю мен оны мақтан ету арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп және оларды да сүюге тиіс. Ұлттық мақтаныш – ұлт ішіндегі жеке адам үшін мызғымас әрі қасиетті заң».

«Әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс», - деп, ұлттық дәстүрлер арқылы ұлтын сүю мен оны мақтан ету, ұлттық мақтаныш – ұлт ішіндегі жеке адам үшін мызғымас әрі қасиетті заң тұрғысынан қарастырады.

Б.Момышұлы патриотизм ұғымын Отанға (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, өткен және бүгінгі тарихты білу, мемлекетті нығайтуға қызмет ету, халықтың болашағын ойлау деп тұжырымдайды.

Ал, Е.Ө.Жұматаеваның «Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру» атты диссертациялық жұмысында Б.Момышұлы, Ә.Шәріпов, Қ.Қайсенов т.б. еңбектеріндегі ой-пікірлер сараланып, бір жүйеге келтіріліп, оларды ерлік іс әрекеттерін, шығармаларын пайдаланудың ерекшеліктерін қарастырылады. «Майдангер жазушылар шығармаларындағы педагогикалық құнды ой-пікірлер» атты факультатив курс бағдарламасы мен әдістемесі мектеп оқушыларының бойындағы ерлік қасиеттерді қалыптастырудың негізі болып табылады.

Ғалымдардың ғылыми еңбектерінде патриотизмді құндылық тұрғысынан қарастырып, бүгінгі оқушы - жастардың бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыруға бағыттайды.

«Патриоттық құндылық дегеніміз – елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресу, өзінің ана тілін, ділін, салт-дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейрімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту», - деген тұжырымынан қазақ әндері арқылы оқушылардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыруда елі мен туған жерін, Отанын сүю, өзінің ана тілін, салт- дәстүрін білуге т.б. қасиеттерді меңгеруге бағытталады.

Қазақ әндері арқылы оқушылардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыруда патриотизмнің дамып қалыптасуын төмендегі кезеңдердегі Біржан сал, Ақан сері, Абай, Мұхит, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырай, Құлтума, Сары, Майра, Естай, Нартай, Кенен т.б. ұлттық өнеріміздің негізін салған әнші композиторлардың мұраларын ерекше атауға болады.

Қазақстандағы әр аймақтағы әндердің ерекшеліктерін ғалым М.Ахметова төрт аймаққа бөліп береді:

Сарыарқаның халық әндері (Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мәди, Үкілі Ыбырай, Естай, т.б.)

Батыс халық әндері, (Мұхит, Нартай, Шашубай, т.б.) Жетісу халық әндері (Жамбыл, Кенен, Сүйінбай, т.б.) Шығыстың халық әндері (Абай, Әсет, т.б.) [30].

Жоғарыда айқындалған кезендерге тоқталатын болсақ көбі ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен құнды мұралар болып табылады. Расында да, «халық әндерінің ұрпақтан - ұрпаққа ауызша жеткені аян. Кез - келген әншінің әрбір әнді өз өңірінің ерекшеліктеріне, өзінің орындаушылық қабілетіне қарай өңдей айтатыны ақиқат жәйт», - деп атап көрсеткендей, әр аймақтың өзіндік аймақтық, орындаушылық ерекшелігі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болды.

Қазақ әндерінің ерекшелігін Б.Асафьев «Қазақтың ән әуездерінің тамаша бір қасиеті – оның шын жүректен шыққан эмоционалдық сезімталдығымен сезгіштігі... әуендерінің оралымдығы, олардың құлақтан кіріп бойды аларлығы, ән тақырыптарының әр алуандығы – осы қасиеттердің бәрі халық психикасының аса терең толғауын көрсету арқылы, қазақ әншілерінің жарқын орындаулары арқылы айқын сезіліп отырады», – деп қазақ әндерінің шын жүректен шыққан эмоционалдық сезімталдығын баса көрсетеді. Расындада, қазақ әндері өзінің орамы жағынан құлақтан кіріп бойды алатын, адам психикасына ықпалының мол екенін көреміз.

И.А.Аллекторовтың «Қазақ әні» атты мақаласында: «Сыртта соғып тұрған боран, мен жылы зілмеңкеде отырып ән тыңдадым. Әнші тері тұлақтың үстінде жайғасып отырып, домбырасының ішегін қаға бастады. Ішектің баяу дірілі, орындаушыға жақындай түскен адамдардың қозғалыс дыбыстары, домбыраның күмбірлеген қайғылы дыбысы маған ерекше бір әсер етті. Мына сияқты қарапайым әнге – қарапайым музыкаға қанша музыка сыйып жатыр! Қолдан істеген екі ішекті домбырадан мұндай нәзік, мұндай әсем дыбыстар шығады дегенге мен еш уақытта сенбеген болар едім! Егерде мына қарапайым, жаныңа тиетін әнді өз құлағыммен есітпеген болсам, мен оның ызыңдаған жаратылыс үнмен ұласатын күшіне де сенбес едім! Орыс ғалымы И.А.Аллекторовтың қарапайым әнге – қарапайым музыкаға қанша музыка сыйып жатыр дей келе, қолдан істеген екі ішекті домбырадан шыққан нәзік, әсем дыбыстардың ерекшелігін аса сүйіспеншілікпен суреттеген.

Оқушылардың қазақ әндері арқылы патриоттық құндылықтарын қалыптастыруды жалпыадамзаттық, ұлттық мәдениеттердің жиынтығы және аймақтық ерекшеліктер тұрғысынан қарастырдық. Әр аймаққа бағытталған әндер негізінде оқушылардың тек бір ғана аймақ емес, республиканың әр аймағындағы туындаған шығармаларды меңгеруге еркін мүмкіндігі бар екені айқындалды.